

Қаралды

Индустриалдық кеңес отырысында

« 27 » августа 2021ж.



**«ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледжі - Мектеп» ЖШС  
Индустриалдық кеңестің қызметін ұйымдастыру бойынша ереже**

**1 бөлім. Жалпы**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 5 – бабының 20 – тармақшасына сәйке колледжде (будар әрі - ИК) индустриалдық кеңестің қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленеді.
2. ИК консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

**2 бөлім. ИК қызметінің тәртібі**

1. ИК қызметінің негізгі мақсаты колледжде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы және стратегиялық қажеттілігі бойынша консультациялар мен ұсынымдар беру болып табылады.

**2. ИК қызметінің негізгі мақсаттары:**

- 1) ТЖКБ білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін олардың мазмұнын карау;
- 2) колледж бейіні бойынша сала кәсіпорындар олардың практикалық сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысуын кеңейту мақсатында байланыс жасауға жәрдемдесу;
- 3) саланың ағымдағы үрдістері, түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ететін дағдырларды талап ететін технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;
- 4) жаңа білім беретін бағдарламаларын еңгізу мүмкіндіктеріне қатысты кеңес беру;
- 5) тиісті саланың кәсіпорындардың колледждің оқу үрдісіне тарту бойынша ұсынымтар калыптастыру;
- 6) студенттерге арналған стипендилар мен сыйлықтар құруға жәрдемдесу;
- 7) колледж зертханаларында, шеберханаларында және кабинеттерінде қажетті оқу-өндірістік жабдықтар бойынша кеңес беру;
- 8) колледжге сала кәсіпорындарымен серіктестік қарым-қатыныстарды дамытуға жәрдемдесу.

**3. ИК қызметінің негізгі функциялары:**

- 1) кәсіпорныдардың талаптарына сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;
- 2) кәсіпорындарда түлектерді бейімдеу мерзімдерін қысқарту;
- 3 орта мерзімді перспективада білім беру күш-жігерінің нәтижесінде салынған капиталдық қайтарымға қол жеткізу;
- 4) қосымша оқытуға қол жұмсалатын шығындарды азайту;
- 5) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және колледждің білім беру бағдарламаларын нақты өндіріске қайта бағдарлау;
- 6) кәсіпорындар тарапынан білім беру ұйымдарын қаржыландыру көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу;
- 7) өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде еңбекақы төлеу туралы мәселені шешу;

8) өндірісте (машиналар, қондырғылар жұмыс үрдістері және т.б.) нақты жағдайларда оқытуды ұйымдастыру туралы мәселені шешу;

9) еңбек нарығындағы сұраныс ұсыныстың теңгерімін қамтамасыз ету;

10) жұмыссыз жастардың деңгейін төмендету.

**4. ИК төрағасы:** тиісті саланың компаниялары мен кәсіпорныдарының атынан ИК мүшелерінің арасынан сайланады. Ол ИК қызметіне басшылық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

**5. ИК құрамына** колледж өкілдері, студенттер мен түлектер, дауыс беру құқығынсыз кіреді.

**6. ИК өкілі (хатшы):**

- ИК отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

- ИК барлық шешімдерін рәсімдеуді қамтамасыз етеді;

- Колледждің және ИК мүшелерінің жұмысын үйлестіреді.

7. ИК ұсынымдарын іске асыру үшін колледж басшысы жауапты.

8. Төраға ИК отырыстарын жоспарлайды және колледж өкілдерімен бірлесіп күн тәртібін анықтайды.

9. Отырыстар жылына кемінде 1 рет, төрағаның колледж өкілдерінің немесе оның мүшелерінің кемшілігінің талап етуі бойынша жиірек отырыс өткізу мүмкіндігімен өтеді.

10. Кворум дауыс беретін мүшелердің 50%-ы қатысқан жағдайда өтті деп есептелінеді. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның шешуші дауысы болады.